КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 31 қазан №4712-24-00-2/3932 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Куватбаев» басшысы Куватбаева Күмісай Азаматқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер жеке кәсіпкер «Куватбаев» басшысы Куватбаева Күмісай Азаматқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Куватбаев» басшысы Куватбаева Күмісай Азаматқызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Куватбаев» басшысы Куватбаева Күмісай Азаматқызынан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 04.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.12.2024, судья Борашева А. А., 16.12.2024

4712-24-3-1/3638